ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән: Химия-фармацевтік өндірісінің процестері мен аппараттары-2

ББББ атауы: **6**В07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

Пән коды: **PAHFP 2201-2**

Оқу сағаттар көлемі: 150 (5 кредит)

Курс: 2

Семестр: **4**

Зертханалық сабақтар: 20 сағат

2024 ж.

Зертханалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар " Химия-фармацевтік өндірісінің процестері мен аппараттары-2" пәнінің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № _ _ _ "_ _ _ "_____2024 ж.

Каф.мең., т.ғ.к., доцент_____Орымбетова Г.Э.

1 - тақырып: Қыздыру және жылуды рекуперациялау процестерін оқу.
Мақсаты: Құбырлы жылуалмастыру қондырғысының құрылысымен және жұмысымен танысу.
Оқыту мақсаты:
Студент білуге тиіс:
1. Жылуалмастыру аппараттарының жіктелуін;
2. Жылуалмастыру аппаратының жылулық балансын;
3. Жылуалмастыру аппаратының жылуалмасу теңдеуін;

Студент істей алуға тиіс:
- Жылуалмастыру аппаратының жылулық балансын түзе білу;
- Орташа температура тегеурінін анықтай алу;
- Жылуалмастыру аппаратында жылутасымалдағыштардың қозғалу тәсімін таңдай білу;
- Жылуалмастыру аппаратының конструкциясын таңдай білу;

Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Жылуалмастыру аппаратының конструкциясы.
2. Жылуалмастыру аппаратының жылулық балансы.
3. Жылуалмастыру аппаратының жылуалмасу теңдеуі.
4. Жылуалмастырғыштардың температураларының өзгеру графиктері.
5. Жылуды рекуперациялау.
6. Аппараттың қабырғалары арқылы жылудың қоршаған ортаға шығынын анықтау.

Білім берудің және оқытудың әдістері:
Студенттер құбырлы жылуалмастыру қондырғысының құрылысымен және жұмысымен танысуы керек. Виртуалды зертханалық қондырғыда:
1. Жылуалмастыру аппаратының негізгі мінездемелері бойынша тестілеуден өтіңіз.
2. Құбырлы жылуалмастыру қондырғысының құрылысын және жұмысістеу принципін оқыңыз.
3. Судың әртүрлі шығындарында регенерациялау коэффициентін анықтаңыз.
4. Регенерация секциясының жылуалмасу коэффициентін судың әртүрлі шығындарында тәжірибе жүзінде анықтаңыз.
5. Тәжірибе бойынша анықталған жылуалмасу коэффициентерін теңдеулермен есептелген мәндерімен салыстырыңыз.
6. Аппараттың қабырғалары арқылы жылудың қоршаған ортаға шығынын анықтаңыз.

Құрал – жабдықтар: дербес компьютер, виртуалды жұмыстың бағдарламасы.
Теориялық мәліметтер.
Фармацевтика өндірісі мекемелерінде өнімді жылумен өңдеу процестері кеңінен тараған.
Жылу тасымалдағыштарды қыздыруға немесе суытуға арналған құрылғыларды жылуалмастыру аппараттары деп атайды. Жылутасымалдағыштар ретінде қысымдары мен температуралары кең диапазонда өзгеретін әр түрлі тамшылы сұйықтар мен газдар пайдаланылады.

Жұмыс істеу принциптеріне байланысты жылуалмастыру аппараттары регенеративті, рекуперативті және алмастырушы болып үшке бөлінеді. **Рекуперативті** жылуалмастыру аппаратында жылу ыстық жылутасымалдағыштан суық жылутасымалдағышқа оларды бөліп тұратын қатты қабырға арқылы алмасады. **Регенеративті** жылуалмастыру аппараттарында ыстық және суық жылутасымалдағыштар аралық заттың (аккумулятордың) бетінде кезектесіп жанасқанда жылу алмасады. Регенеративті жылуалмастарғышта стационарлық емес жылу алмасу процесі өтеді. **Араластырушы** жылуалмастыру аппараттарында ыстық және суық жылутасымалдағыштар бір-бірімен тікелей жанасқанда жылу алмасады.

Өндірісте регенеративті жылуалмастыру аппараттары өте көп қолданылады. Сондықтан біз осы аппараттарды есептеу негіздерін қарастырамыз.

Жылутасымалдағыштардың агрегаттық күйлеріне байланысты газ-газды, газ-сұйықты, бу-газды, бу-сұйықты және сұйық-сұйықты жылуалмастыру аппараттарын ажыратады. Сонымен қатар конструкциялық ерекшеліктеріне байланысты жылуалмастыру аппараттарын қоршауқұбырлы, құбыр ішінде құбыр, пластиналы, қабырғалы, ирек құбырлы және т.б. түрлерге бөледі. Жылуалмастыру аппараттарын пайдалану орындарына байланысты қыздырғыш, суытқыш, экономайзер, конденсатор, буландырғыш және т.б. деп те айтады.

Жылуалмастыру аппаратында ыстық жылутасымалдағыштан алынған жылу мөлшері суық жылутасымалдағышқа берілген жылуға тең. Аппараттан қоршаған ортаға шығындалған жылу мөлшері аз болғандықтан оны ескермейміз $Q_0 = 0$. Сонда жылу балансының теңдеуі былай жазылады

$$Q = G_1 \cdot c_{p1}\left(t_1' - t_1''\right) = G_2 \cdot c_{p2}\left(t_2' - t_2''\right)$$

Мұнда G_1, G_2 – ыстық және суық жылутасымалдағыштардың массалық шығыны; c_{P1}, c_{P2} – ыстық және суық жылутасымалдағыштардың тұрақты қысымдағы жылусыйымдылықтары; t_1', t_1'' - ыстық жылутасымалдағыштың аппаратқа кірердегі және одан шыққандағы температуралары; t_2', t_2'' - суық жылутасымалдағыштың аппаратқа кірердегі және одан шыққандағы температуралары; Q – ыстық жылутасымалдағыштан суық жылутасымалдағышқа алмасқан жылу мөлшері.

Жылуалмасу теңдеуі.

$$Q = k \cdot \Delta t_{op} \cdot F$$

Мұнда k – жылуалмасу коэффициенті; Δt_{op} – орташа температура тегеуріні; F – жылуалмасу ауданы.

Сұйық өнімдердің сақталу мерзімін ұзарту үшін пастерлеу және стерилдеу процестері қолданылады. Бұл жағдайда өнім жоғары температураға дейін қыздырылады және осы температурада біраз ұстап тұрады, сонан соң сұйықты оны сақтау және бөліп құю температурасына дейін суытады.

Пастеризациядан кейін 63-92^{0}C температурада суытуға түскен ыстық өнімнің көп жылуы бар, оны дұрыс пайдалана білуіміз керек.

Ыстық өнімнің жылуын пайдалану үшін оны құрама аппараттың арнайы секциясына жібереді. Онда ыстық өнім пастеризацияға түсетін суық өнімді алдын ала қыздырады. Нәтижесінде ыстық пастерленген өнім біраз суыйды..

Мұндай операция жылуды рекуперациялау деп аталады, осы процесті өткізетін жылуалмастыру аппаратын рекуператор немесе рекуперация секциясы деп аталады.

Сонымен қыздырылған ыстық ортадан жылуды қыздыруға берілетін сұйыққа, жылуды утилдеу үшін, кері беру процесін жылуды рекуперациялау деп атаймыз.

Сұйық өнімдерді өңдеу кезінде жылуды рекуперациялау, пастерлеуге шығындалатын көп жылу энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Кез келген жылулық процестің негізгі мінездемесі сырттан берілетін жылу энергиясынң шығыны. Ол тұрақталған режимде жылуалмасу теңдеуінің көмегімен есептелінеді.

Әдебиет:

негізгі:

1. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 1. – Винница: Нова книга, 2014. -696 с.
2. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 2. –Винница: Нова книга, 2014. -664 с.
3. Промышленная технология лекарств, Том 1. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 560 с.
4. Промышленная технология лекарств, Том 2. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 557 с.
5. Мантлер С. Н. Процессы и аппараты химической технологии : учебное пособие / С. Н. Мантлер,Г. М. Жуманазарова. - Министерство образования и науки Республики Казахстан. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 с

6. Дытнерский Ю.И Процессы и аппараты химической технологии: В двух томах / Ю.И Дытнерский. — М.: Альянс, 2015. — 368 с.
7. Дытнерский, Ю.И. Основные процессы и аппараты химической технологии: Пособие по проектированию: Учебное пособие для вузов / Ю.И. Дытнерский, Г.С. Борисов, В Брыков. - М.: Альянс, 2015. - 496 с.
8. Касаткин А.Г. Основные процессы и аппараты химической технологии: Учебник для вузов / А.Г. Касаткин. - М.: Альянс, 2014. - 752 с.
9. Остриков А.Н. Процессы и аппараты. Расчет и проектирование аппаратов для тепловых и тепломассообменных процессов: Учебное пособие / А.Н. Остриков, В.Н. Василенко и др. - СПб.: Лань, 2018. - 440 с.
10. Алексеев, Г.В. Виртуальный лабораторный практикум по курсу «Процессы и аппараты пищевых производств»: Уч. Пособие / Г.В. Алексеев, И.И.

қосымша:

11. Плаксин Ю.М., Малахов Н.Н., Ларин В.А. Процессы и аппараты пищевых производств. – М.: КолосС, 2008. – 760 с.
12. Кавецкий Г.Д. Процессы и аппараты пищевой технологии. - М.: Колос, 2000.
13. Павлов К.Ф., Романков П.Г., Носков А.А. Примеры и задачи по курсу процессов и аппаратов химической технологии - Л.: Химия, 1987
14. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы».– 2008.– 592 с.
15. Государственная Фармакопея Республики Казахстан.– том 2. – Алматы.– Издательский дом: «Жибек жолы».– 2009. – 792 с.
16. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы.– Алматы.–2011.– 346 б.
17. Ақбердиев Ә.С. Тамақ өндірісінің процестері және аппараттары, Алматы; 1998 ж.
18. Орымбетов Ә.М. Жылу техникасының негіздері. Шымкент. ОҚМУ, 2005 – 246 б.

Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер және т.б.)

1. Сұйық ортаны басқа сұйықпен кайтарымды қыздырылатын денемен жанастыру арқылы қыздыруға арналған жылуалмастыру аппаратын атаңыз:
A) араластыру жылуалмастыру аппараты
B) беттік жылуалмастыру аппараты
C) регенеративті жылуалмастыру аппараты
D) буландыру аппараты
E) кептіргіш

2. Сұйық орталар оларды бөліп тұрған қатты бет арқылы жылу алмасатын аппаратты атаңыз:
A) араластыру жылуалмастыру аппараты
B) регенеративті жылуалмастыру аппараты
C) рекуперативті жылуалмастыру аппараты
D) буландыру аппараты
E) кептіргіш

3. Жылуалмастырғыштың жылу алмасу ауданы:
A) $F = M/K_Y\Delta Y_{CP}$
B) $F = Q/K\Delta t_{ПОЛ}$
C) $F = Q/K\Delta t_{CP}$
D) $F = G/\rho w$
E) $F = V_{ОСВ}/w_{СТ}$

4. Жылуалмасу кезінде жылутасымалдағыштар оларды бөліп тұрған қабырға бойында бір бағытта қозғалса, мұндай жылуалмастырғыштарды .....деп атаймыз:
A) қиылысбағытты
B) қарсыбағытты
C) бірбағытты
D) араласбағытты
E) көпқиылысбағытты

5. Жылуалмасу кезінде жылутасымалдағыштар оларды бөліп тұрған қабырға бойында қарсы бағытта қозғалса, мұндай жылуалмастырғыштарды .....деп атаймыз:
A) қиылысбағытты
B) бірбағытты
C) қарсыбағытты
D) араласбағытты
E) көпқиылысбағытты

6. Жылуалмасу кезінде жылутасымалдағыштар оларды бөліп тұрған қабырға бойында өзара әртүрлі бағыттарда қозғалса, мұндай жылуалмастырғыштарды ..... деп атаймыз:
A) қиылысбағытты
B) қарсыбағытты
C) араласбағытты
D) бірбағытты
E) көпқиылысбағытты

7. Қарсыбағытты жылутасымалдағыштардың орташа қозғаушы күші:

A) $\Delta P_{ср} = \frac{\Delta P_б - \Delta P_м}{\ln \frac{\Delta P_б}{\Delta P_м}}$

B) $\Delta Y_{ср} = \frac{\Delta Y_Н - \Delta Y_К}{\ln \frac{\Delta Y_Н}{\Delta Y}}$

C) $\Delta t_{ср} = \frac{\Delta t_б - \Delta t_м}{\ln \frac{\Delta t_б}{\Delta t_м}}$

D) $\Delta t_{пол} = T - t_К$

E) $\Delta t_{ср} = \frac{\Delta t_Н - \Delta t_К}{\ln \frac{\Delta t_Н}{\Delta t_К}}$

2 - тақырып:: Су буының жылуфизикалық қасиеттерін зерттеу.
Мақсаты: Су буының жылуфизикалық қасиеттерімен танысу.
Оқыту мақсаты:
Студент білуге тиіс:
- Су буы туралы жалпы түсінік;
- Заттарды стерильдеу процесі туралы жалпы түсінік;
- Стерилизация түрлері;
- дәрілік заттарды термиялық стерильдеудің физико-химиялық негіздері;
- бумен стерилизациялау, тиндализация және ауамен стерилизациялау.

Студент істей алуға тиіс:
- су буының қысымын анықтай алады;
- су буының температурасын анықтай алады;
- су буын алу үшін керекті жылу мөлшерін анықтай алады;
- су буының hs – диаграммасынң көмегімен будың параметрлерін анықтай алады.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Заттың агрегаттық күйлерінің үзгеруі.
2. Теплофизические свойства водяного пара.
3. Термическая стерилизация лекарственных форм.

Білім берудің және оқытудың әдістері:

Студенттер зертханалық автоклавтың құрылысымен және жұмысымен танысуы керек. Зертханалық автоклавта:
1. Пройти тестирование по основным характеристикам водяного пара.
2. Изучить процесс стерилизации в автоклаве.

3. Определить давление и температуру водяного пара в автоклаве, и сравнить их с табличными значениями.

Теориялық мәліметтер.

Су буы өндірістің әр түрлі салаларында өте жиі пайдаланылады. Мысалы жылуалмасу аппараттарының жылутасымалдағыштары ретінде, букүшті қондырғалардың жұмысшы денелері ретінде, фармацевтика және тамақ өнеркәсіптерінде тікелей технологиялық процестерде су буы кеңінен қолданылады.

Заттың сұйық күйден газ күйіне өтуін буға айналу процесі деп атайды. Буға айналу процесі сұйықтың ашық беті арқылы жүретін болса, мұндай процесті **булану** деп атайды. Ал буға айналу сұйықтың барлық көлемінде бірдей жүретін болса, **қайнау** деп атайды. Булану процесі сұйықтың кезкелген температурасында жүре алады, ал қайнау процесі қанығу немесе қайнау температурасында өтеді. Сұйықтың қайнау немесе қанығу температурасы оның табиғатына және қысымына тәуелді.

Қайнау процесі кезінде бу көпіршіктерімен бірге судан оның майда тамшылары да ілесе ұшады. Сондықтан қайнап тұрған су үстінде бу мен су тамшыларының қоспасы түзіледі. Мұндай қоспаны **ылғал қаныққан бу** деп атайды.

Егер ылғал қаныққан буға жылу берілсе, оның құрамындағы су тамшылары буға айнала бастайды. Судың соңғы тамшысы буға айналған сәтте **құрғақ қаныққан бу** алынады.

Құрғақ қаныққан буды тұрақты қысымда қыздырса, ол **өте қызған буға** айналады.

$$x = \frac{m'}{m_x}$$

Мұнда m' - құрғақ қаныққан бу массасы; m_x - ылғал бу массасы. Құрғақ қаныққан бу үшін x = 1, қайнап тұрған су үшін x = 0, ылғал бу үшін $0<x<1$.

Нысандағы барлық микроорганизмдер түрлерін өлтіруді немесе одан алып кетуді стерилизация деп атайды.

Дәрілік түрлердің өнеркісіптік өндірісінде бүгінгі таңда стерильдеудің 3 түрлерін қолданады: механикалық, химиялық және физикалық.

Стерильдеудің механикалық әдістері

Стерильдеуші сүзу. Микробтық клеткаларды және спорларды өлшемдері өте кіші (1-2 мкм) ерімейтін түйіршіктер түрінде қарастыруға болады. Басқа қосындаларға ұқсас оларды сұйықтан механикалық жолмен бөлуге болады. Мысалы кеуектігі өте кіші сүзгілер арқылу сүзу жолымен. Стерильдеуші сүзудің термиялық сүзуден артықшылығы бар. Көптеген термолабильді заттар (апоморфин гидрохлориді, викасол, натрий барбиталы және т.б.) үшін ол бірден бір қол жетімді стерильдеу әдісі болып табылады. Көз тамшылары өндірісінде бұл әдіс өте тиімді.

Стерильдеудің химиялық әдістері

Бұл әдістер микроорганизмдердің әртүрлі химиялық заттарға жоғары арнайы таңдамалы сезімталдығына негізделген. Аталған қасиетті олардың клеткаларының қабықшаларының және протоплазмаларының физико-химиялық құрылымдары анықтайды. Кейбір заттар клетка протоплазмасын коагуляциялайды, басқалары – тотықтырғыш сияқты әсер етеді, біраз заттар клетканың осмотикалық қасиетіне әсер етеді, көптеген химиялық факторлар ферменттік жүйені бұзуы нәтижесінде микробиологиялық клетканың өлуіне соқтырады.Химиялық стерильдеудің кез келген нұсқасы бактерицидтік заттың микроб клеткасының немесе спорының компоненттерімен әсерлесуіне негізделген.

Химиялық стерильдеу ерітінділермен (заттармен) стерильдеуге және газдармен стерильдеуге (газды стерилизацияға) бөлінеді.

Ерітінділермен (заттармен) стерильдеу. Стерильді өнімдер өндірісіндегі әртүрлі аппараттарды, құбырларды және басқа жабдықтарды залалсыздандыруға қолданылады.

Газды стерилизация. Бұл әдістің артықшылығы нысанды газға өтімді пластмассалық қабықшада стерильдеу мүмкіндігі. Саңылаусыз камераға стерилизант, этиленоксид және көміртек диоксиді қоспасы 9:1, кіргізеді. Көмір қышқыл газын этилен оусиді жарылысқа қауіпті болғандықтан қосады. Стерилизация кезінде стерилизант аппаратқа 2 кгс/см^2 (196133 Н/м^2) қысымда және 43-45°С температурада беріледі. Стерильдеу ұзақтығы қабықшаның өтімділігіне, материал қабатының қалыңдығына тәуелді және 4–тен 20 сағатқа дейін созылады. Содан кейін этилен оксидін стерильденген ауамен (азотпен) үрлеу арқылы немесе вакуумдау жолымен аластайды. Газдармен химиялық стерильдеу кезінде микроорганизмдердің және өңезденген саңырауқұлақтардың барлық вегататитвтік түрлері жойылады.

Стерильдеудің химиялық әдістерінің басты кемшілігі – стерилденген нысанды стеризант қалдықтарынан және олардың әсерлесу өнімдерінен тазалау. Бұл әдісьердің кең қолданылуына стерильдеудің ұзақтығы, жоғары құны, химиялық агенттің қызметшілерге қосалқы әсері кедергі болып тұр, алайда кейбір дәрілік заттар үшін қазіргі заманда бұл әдіс бірден бір сенімді стерильдеу әдісі..

Консерванттарды қолдану. Консерванттарды қосу шартты түрде химиялық стерильдеу әлістеріне жатқызуға болады. Егер стерильденген заттарды сол күйінде сақтау мүмкін болмаса, ерітінділерге консерванттар енгізіледі. Бұл кезде стерильдеу температурасының төмендеуі немесе оны өткізу уақыты қысқаруы мүмкін.

Консерванттардың микроорганизмдерге әсерінің механизмі әртүрлі болады және олардың химиялық құрылымымен анықталады. Бұл кездегі негізгі нәтижесі клеткалардың өмір сүру функцияларын бұзу болып табылады, мысалы, клеткалы ферменттердің ақуыздық бөлігінің белсенділігін тоқтату. Белсенділігін тоқтату дәрежесіне байланысты клеткалар өледі, немесе олардың өмір сүру функциялары тежеледі.

Стерильдеудің физикалық әдістері

Жылулық (термиялық) стерилизация. Қанықкан су буымен (1,1 кгс/см^2 артық қысымда және 120°С температурада, немесе 2 кгс/см^2 артық қысымда және 132°С температурада) стерильдеудің термиялық әдісі өте кең тараған, ол әртүрлі булы стеризаторларда жүзеге асырылады.

Температуралық режимдерге байланысты жылулық стерильдеудің мына түрлерін ажыратады: қысымы жоғары бумен және ағынды бумен; тиндализация; ауалы.

Қысымы жоғары бумен стерильдеу. Автоклавтау – қыздыруға төзімді ерітінділерді 1,1 кгс/см^2 артық қысымда және 120°С температурада, немесе 2 кгс/см^2 артық қысымда және 132°С температурада стерильдеу. Бұл жағдайда клетка ақуыздарының коагуляциялануына байланысты микроорганизмдердің вегататитвті түрлерімен қатар, оның споралы түрлері де өлтіріледі.

Стерильдеудің бұл кәләуілгі әдісі бүгінгі таңда басқа әдістерге қарағанда үш себептерге байланысты артықшылығы бар. Бірінші, заттарды соңғы буып-түйілген қораптарда стерильдеуге мүмкіндік береді, сондықтан екіншілей контаминацияны болдырмайды. Екінші, бұл әдіс ұзақ қолданыста болғандықтан, сенімді аппаратурамен қамтамасыз етілген. Және, үшінші, бүгінгі таңда бұл әдіс экономикалық тұрғыдан ең тиімді болып тұр.

Бұл әдіс кезінде микроорганизмдерге жоғары температура және ылғалдылық кешенді әсер етеді, нәтижесінде ең төзімді споралар да өлтіріледі. Бұл жағдайда ақуыз заттардың коагуляциясы 56°С температурада басталады.

Жоғары қысымды бумен стерильдеуді конструкциялары әртүрлі цилиндр немесе квадрат пішінді стерилизаторларда жүргізіледі.

Ағынды бумен стерильдеу. Термиялық төзімділігі төмен заттардың ерітінділерін, кейде 100 ˚С температурадағы бу ағынында (ауа қосылмаған және артық қысымы жоқ) стерильдейді.

Қанықкан бу микроорганизмдердің тек вегататив түрлерін қлтіреді, ал нысанда споралық микроорганизмдер болса, бұл әдіс тиімсіз.

Тиндализация (бөлшектеп стерильдеу). Термолабильді заттар үшін, сонымен қатар шприц-ампулалардағы ерітінділер үшін стерильдеуді кейде тиндализация әдісімен жүргізеді. Бұл кезде ерітінділерді 40-60°С температураға дейін үш рет қыздырады, араларында бір тәуліктен үзіліс жасайды. Микроорганизмдердің споралы түрлері вегататив түрлерге өсуі үшін үзіліс кезінде нысандарды 37±1°С тұрақты температурада ұстайды.

Құрғақ ыстықпен стерильдеу (ауалы стерилизация). Аэростерильдерде немесе басқа аппараттарда жүргізілетін құрғақ ыстықпен стерильдеудің де тиімділігі жоғары. Бұл кезде ақуызды заттардың пирогенетикалық ыдырауы нәтижесінде микроорганизмдердің барлық түрлері өледі. Алайда, жоғары қыздыру температурасы (160-200°С), ұзақ әсер ету уақыты (1-2 сағат) және құрғақ ыстық ауа стерильденетін нысандардың бұзылуына соқтырады және, сондықтан, бұл әдістің мүмкіндігін шектейді.

Радиациялық стерильдеу. Сәуле энергиясы тірі организмдер клеткаларына жоюшы әсер етеді, сонымен бірге көптеген микроорганизмдерге де. Бұл сәулелердің стерильдеу эффектісінің принципі клеткалардың осы сәулелердің белгілі мөлшерін жұтқаннан кейін олардың өлуіне соқтыратын метаболикалық процестердің бұзылуына және ақуыздардың коагуляциясына негізделген.

Ультрадыбысты стерильдеу. Сұйық ортада ультрадыбыстың өтуі кезектескен сығуларды, сиретулерді және үлкен ауыспалы үдеулерді туындатады. Сұйықта ажыраулар, кавитациялық қуыстар, түзіледі. Сығылу сәтінде бұл қуыстар бірден жабылады. Ультрадыбысты толқын туындатқан артық қысым тұрақты гидростатикалық қысымға қосылады және қосындысы көпіршіктерде бірнеше атмосфераға жетуі мүмкін. Кавитациялық қуыстардың «ұрығы» ретінде газдың, будың көпіршігі, қатты бөлшектер және қатты беттердегі тегіссіздіктер болуы мүмкін. Кавитацияның үлкен импульсті қысымдары микроорганизмдердің, споралық түзілімдердің және басқа бөлшектердің клеткалық мембраналарының бұзылуына соқтырады. Стерильдеу процесінің оңтайлы параметрлерін орнықтыру маңызды, өйткені жоғары импульстік қысым ампулалардың механикалық жарылуына соқтыруы мүмкін

Жоғары және өте жоғары жиілікті токтармен стерильдеу. Жоғары жиілікті өрістің әсер ету принципі оның заттардың молекулаларын кеңістікте бағытты орналасуына белсенді әсер етуіне негізделген. Өріс бағытталуының өзгеруі молекулалардың орналасу бағытын өзгертеді және өріс энергиясының бір бөлігі затпен жұтылады. Нәтижесінде оның массасының барлық нүктелерінде зат жылдам қыздырылады.

Автоклав

Автоклав — атмосфералық қысымнан жоғары қысымда қыздыруға арналған аппарат. Автоклавтар айналатын, тербелетін, горизонталді, тік және бағаналы болулары мүмкін. Автоклав жабық немесе ашылатын қақпағы бар ыдыс түрінде болады. Керек кезінде ішкі, сыртқы немесе шығарылған жылуалмастырғыштармен, механикалық, электромагнитті немесе пневматикалық араластыру құрылғыларымен және қысымды, температураны, сұйық деңгейін және т.б. өлшеу және реттеу үшін бақылау-өлшеу аспаптарымен жабдықталады.

Автоклавта су қайнатылғанда оның қайнау температурасы көтеріледі. Өйткені судың температурасы 100 °С температураға жақындаған сайын булану күшейеді. Су буы, газ болғандықтан, автоклавта артық қысым туындатады, сондықтан буланууды бәсеңдетеді, нәтижесінде қайнау тоқтайды және су, 100 °С температурадан жағары қыздырылған, сұйық күйінде қалады. Температура өскен сайын жүйеде қысымда жоғары болады. Жоғары температуралы және қысымды жылу микроорганизмдердің бұзылуына күшті әсер етеді.

1 суретте булы үстел үсті горизанталь типті ГК-10-1 автоклавы көрсетілген.

Стерильдеу 132 °С температурада, 0,2 МПа қысымда бумен өңдеу әдісімен жүргізіледі. Жұмысшы камераның көлемі 10 л. Стерильдеу уақыты 20 минут. Бір циклде 0,5 литр су шығындалады.

Жұмысшы камера және негізгі элементтер жоғары сапалы тот баспайтын болаттан 12Х18Н10Т (AISI 321) жасалған. Жүктеу ыңғайлы болу үшін жұмысшы камера цилиндр тәрізді жасалған және горизонталь орналасқан.

ГК-10-1 автоклавының техникалық мінездемелері:

Камера көлемі - 10 л; 1 циклге судың шығыны - 0,5 л көп емес;
Габариттері – 610Х280Х340 мм; Камера диаметрі – 190 мм; Камера тереңдігі - 360 мм;
Кернеу – 220 В; орнатылған қуат – 1 кВт; Масса – 21 кг.

Жқмысты орындау тәртібі

1. Автоклавқа 0,5 л минералсыздандырылған су құямыз.
2. Автоклавтың қыздырғышын қосамыз.
3. Судың температурасын қайнау температурасына және будың қарқынды бөлінуе дейін жеткіземіз.
4. Стерилизатор қуысынан ауаны ығыстырып шығару үшін аздап бу шығарамыз.
5. Автоклав қақпағын тығыздап жабамыз.
6. Автоклавтағы будың қысымын берілген қысымға дейін жеткіземіз.
7. Будың қысымнын және температурасын байқау хаттамасына жазамыз.
8. Алынған мәліметтерді су буының кестелік мәндерімен салыстырамыз.



1 сурет. Автоклав ГК-10-1

Байқау хаттамасы

	Тәжірибелік мәліметтер		Кестелік мәліметтер		Барометрлік қысым
Будың параметрлері	$P_{арт}$, кПа	t, ˚С	Р, кПа	t, ˚С	В, кПа
1 режим					
2 режим					
3 режим					

5. Әдебиет:

негізгі:

1. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 1. – Винница: Нова книга, 2014. -696 с.
2. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 2. –Винница: Нова книга, 2014. -664 с.
3. Промышленная технология лекарств, Том 1. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 560 с.
4. Промышленная технология лекарств, Том 2. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 557 с.
5. Мантлер С. Н. Процессы и аппараты химической технологии : учебное пособие / С. Н. Мантлер,Г. М. Жуманазарова. - Министерство образования и науки Республики Казахстан. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 с
6. Дытнерский Ю.И Процессы и аппараты химической технологии: В двух томах / Ю.И Дытнерский. — М.: Альянс, 2015. — 368 с.
7. Дытнерский, Ю.И. Основные процессы и аппараты химической технологии: Пособие по проектированию: Учебное пособие для вузов / Ю.И. Дытнерский, Г.С. Борисов, В Брыков. - М.: Альянс, 2015. - 496 с.
8. Касаткин А.Г. Основные процессы и аппараты химической технологии: Учебник для вузов / А.Г. Касаткин. - М.: Альянс, 2014. - 752 с.
9. Остриков А.Н. Процессы и аппараты. Расчет и проектирование аппаратов для тепловых и тепломассообменных процессов: Учебное пособие / А.Н. Остриков, В.Н. Василенко и др. - СПб.: Лань, 2018. - 440 с.
10. Алексеев, Г.В. Виртуальный лабораторный практикум по курсу «Процессы и аппараты пищевых производств»: Уч. Пособие / Г.В. Алексеев, И.И.

қосымша:

11. Плаксин Ю.М., Малахов Н.Н., Ларин В.А. Процессы и аппараты пищевых производств. – М.: КолосС, 2008. – 760 с.
12. Кавецкий Г.Д. Процессы и аппараты пищевой технологии. - М.: Колос, 2000.
13. Павлов К.Ф., Романков П.Г., Носков А.А. Примеры и задачи по курсу процессов и аппаратов химической технологии - Л.: Химия, 1987
14. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы».– 2008.– 592 с.
15. Государственная Фармакопея Республики Казахстан.– том 2. – Алматы.– Издательский дом: «Жибек жолы».– 2009. – 792 с.
16. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы.– Алматы.–2011.– 346 б.
17. Ақбердиев Ә.С. Тамақ өндірісінің процестері және аппараттары, Алматы; 1998 ж.
18. Орымбетов Ә.М. Жылу техникасының негіздері. Шымкент. ОҚМУ, 2005 – 246 б.

Бақылау (сұрақтар, тестілер, есептер және т.б.)

1 1) Булану, 2) Қайнау, 3) Конденсация, 4) Еру, 5) Қату процестеріне анықтама беріңіз.

Жауаптар:

1 Заттың газ күйден сұйық күйге өтуі.
2 Заттың қатты күйден сұйық күйге өтуі.
3 Заттың сұйық күйден қатты күйге өтуі.
4 Буға айналу процесі сұйықтың барлық көлемінде өтеді.
5 Буға айналу процесі сұйықтың ашық беті арқылы өтеді.

2 Су буын 1) Изохоралық, 2) Изобаралық, 3) Изотермалық , 4) Адиабаталық, 5) Кез келген процестерде қыздыруға шығындалған жылу мөлшерлерін анықтаңыз.

Жауаптар:

1) $q=\Delta u+l_{1\text{-}2}$. 2) $q=0$. 3) $q= u_2 - u_1$. 4) $q=h_2-h_1$. 5) $q=T(s_2-s_1)$.

3 1) Қаныққан бу, 2) Құрғақ қаныққан бу, 3) Ылғал қаныққан бу, 4) Өте қызған бу, 5) Буға айналу жылуы ұғымдарына анықтама беріңіз.

Жауаптар:

1 Құрғақ қаныққан буды қыздырғанда алынған бу.
2 Құрамында су тамшылары бар қаныққан бу.
3 1 кг қайнап тұрған суды тұрақты қысымда құрғақ қаныққан буға айналдыруға жұмсалған жылу.
4 Өзі түзілген сұйықпен термодинамикалық теңдікте тұрған бу.
5 Құрамында су тамшылары жоқ қаныққан бу.

4 1) Ылғал будың құрғақтық дәрежесін, 2) Қайнап тұрған судың құрғақтық

дәрежесін, 3) Құрғақ қанықкан будың құрғақтық дәрежесін, 4) Судың жылусыйымдылығын [кдж/(кг·К)], 5) Судың аумалы күйдегі температурасын [К] көрсетіңіз.

Жауаптар:

1) 1. 2) 647, 27 . 3) 4,19 . 4) 0,6. 5) 0.

3 - тақырып: Екі корпусты буландыру қондырғысының жұмысын зерттеу.

Мақсаты: Екі корпусты буландыру қондырғысының құрылысымен және жұмысымен танысу.

Оқыту мақсаты:

Студент білуге тиіс:

- Буландыру процесі туралы жалпы мәліметтер;
- Буландыру түрлері;
- Буландырудың физикалық-химиялық негіздері;
- Бір рет буландыру;
- Көпрет буландыру.

Студент істей алуға тиіс:

- Буландыру процесінің материалдық балансын түзе білу;
- Буландырылған су мөлшерін анықтай алу;
- Қыздыру буының шығынын анықтай алу;
- Пайдалы температура айырмашылығын анықтай алу;
- Жылуалмасу бетінің ауданын анықтай алу.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

4. Көпкорпусты буландыру аппараты.
5. Ерітіндінің температуралық депрессиясы.
6. Температура айырмашылығының гидростатикалық шығыны.
7. Температура айырмашылығының гидродинамикалық шығыны.
8. Пайдалы температура айырмашылығы.
9. Буландыру ға шығындалатын энергия.
10. Жылуалмасу бетінің ауданы.

Білім берудің және оқытудың әдістері:

Студенттер екі корпусты буландыру қондырғысының жұмысымен танысуы керек.

Виртуалды зертханалық қондырғыда:

1. Буландыру қондырғысының негізгі мінездемелері бойынша тестілеуден өтіңіз.
2. Табиғи айналым жағдайындағы сұйықты буландыру процесін оқыңыз.
3. Бірінші корпустағы жылуберу коэффициентін және екінші корпустағы жылуалмасу коэффициентін тәжірибе мәліметтері бойынша анықтаңыз.
4. Жылудың қоршаған ортаға шығынын анықтаңыз.

Құрал – жабдықтар: дербес компьютер, виртуалды жұмыстың бағдарламасы.

Теориялық мәліметтер.

Ұшпайтын құрамдастың концентрациясын көтеру үшін жеңіл ұшатын құрамдасын сұйықтың қайнауы кезінде ерітіндіден немесе біртекті емес сұйық жүйеден аластауды буландыру деп атайды.

Ұшпайтын заттың ұшатын еріткіштегі біртекті ерітіндісін (мысалы, қанттың немесе тұздың судағы ерітіндісі) және фамацевтика өндірісінің арнайы біртекті емес жүйелері (мысалы, қан, сорпа, экстрактар, сүт өнімдері және т.б.) буландырылады..

Буландыру булану процесінен бөлек. Булану сұйық жүйенің сыртқы бетінен кез келген температурада жүреді, ал буландыру сұйық жүйенң барлық көлемінде және берілген қысымға сәйкес қайнау температурасында жүреді. Ол буланға қарағанда қарқынды процесс.

Буландыру процесінде жүйенің ұшатын құрамдасы қайнайды және одан бу күйінде аластатылады. Жүйенің қалған бөлігі азаяды, ал ұшпайтын құрамдас мөлшері тұрақты қалады. Сонда құрғақ заттың концентрациясы процесс барысында үздіксіз өседі.

Буландыру қарқынын және буландыру аппаратының өнімділігін анықтайтын негізгі фактор температура айырмашылығы Δt. Ол жылутасымалдағыш температурасы (мысалы, қыздыру буының температурасы $t_{г.п.}$) мен сұйық жүйе температурасының t айрмашылығына тең.

Ерітіндінің қайнау температурасы еріткіштің қайнау температурасынан барлық уақытта жоғары. Ол еріген заттың, еріткіштің химиялық табиғаттарына тәуелді. Және ол ерітіндінің концентрациясы және сыртқы қысымы өскен сайын өседі.

Бірдей сыртқы қысымдағы ерітіндінің және еріткіштің қайнау темпертураларының айырмашылығын температуралық депрессия Δ деп атайды. Кейде оны физикалық – химиялық депрессия деп те атайды. Ерітіндінің қайнау температурасының көтерілуі температуралық депрессиямен қатар гидростатикалық және гидравликалық депрессиялармен де анықталады.

Сұйық құбыр ішінде қайнайтын болса, онда оның бетіндегі қайнау температурасы қайнату құбырының төменгі жағындағы қайнау температурасынан кіші болады. Өйткені бу көлеміндегі екіншілей будың қысымына сұйық бағанасының гидростатикалық қысымы қосылады.

Егер ерітінді үстіндегі екіншілей будың қысымы $P_{в..п.}$ белгілі болса, су буы қасиеттерінің кестесінен екіншілей будың температурасын $t_{в.п.}$ анықтауға болады.

Бу қысымына $P_{г..п}$ қосымша қысым ΔР шамасын қосу арқылы жалпы қысымды анықтайды. Қосымша қысымды ерітінді қабаты биіктігінің Н ортасы бойынша қабылдайды.

Ерітіндінің қайнау температурасы екіншілей будың ұстағыш, сепаратор, бу құбырлары және т.б. арқылы өткендегі гидравликалық кедергісі салдарынан да көтеріледі. Қайнау температурасының бұл көтерілуін гидравликалық депрессия $Δ_д$ деп атайды.

Көпкорпусты буландыру аппаратында бірінші корпуста алынған екіншілей бу екінші корпусты қыздыруға беріледі. Екінші корпустың қайнау аймағындағы қысым бірінші корпустағы екіншілей будың қысымынан кіші болуы керек. Сонымен екінші корпустағы буландыру бірінші корпустан шыққан екіншілей будың жылуы арқылы өткізіледі.

Әдебиет:

негізгі:

1. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 1. – Винница: Нова книга, 2014. -696 с.
2. В.И. Чуешов, Е.В. Гладух, И.В. Сайко. Технология лекарств промышленного производства. Ч. 2. –Винница: Нова книга, 2014. -664 с.
3. Промышленная технология лекарств, Том 1. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 560 с.
4. Промышленная технология лекарств, Том 2. Под ред. Чуешова В.И. – Х.: МТК-Книга, Издательства НФАУ, 2002 – 557 с.
5. Мантлер С. Н. Процессы и аппараты химической технологии : учебное пособие / С. Н. Мантлер,Г. М. Жуманазарова. - Министерство образования и науки Республики Казахстан. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 с
6. Дытнерский Ю.И Процессы и аппараты химической технологии: В двух томах / Ю.И Дытнерский. — М.: Альянс, 2015. — 368 с.
7. Дытнерский, Ю.И. Основные процессы и аппараты химической технологии: Пособие по проектированию: Учебное пособие для вузов / Ю.И. Дытнерский, Г.С. Борисов, В Брыков. - М.: Альянс, 2015. - 496 с.
8. Касаткин А.Г. Основные процессы и аппараты химической технологии: Учебник для вузов / А.Г. Касаткин. - М.: Альянс, 2014. - 752 с.
9. Остриков А.Н. Процессы и аппараты. Расчет и проектирование аппаратов для тепловых и тепломассообменных процессов: Учебное пособие / А.Н. Остриков, В.Н. Василенко и др. - СПб.: Лань, 2018. - 440 с.
10. Алексеев, Г.В. Виртуальный лабораторный практикум по курсу «Процессы и аппараты пищевых производств»: Уч. Пособие / Г.В. Алексеев, И.И.

қосымша:

